



ХҒТАР 16.31.02

Ғылыми мақала

А. Мурсал^{1*}, А. Әмірбекова², Ә. Алмаутова³

^{1,2}А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

³Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: ¹aigerimmursal@mail.ru*, ²marghan01@mail.ru, ³almauasya@mail.ru)

ҚАЖЫҒУМАР ШАБДАНҰЛЫНЫҢ АЛТЫ ТОМДЫҚ «ҚЫЛМЫС» РОМАНЫ ТІЛІНДЕГІ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ЖИІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Қажығұмар Шабданұлының алты томдық «Қылмыс» романындағы ескі кітаби лексика мен көнерген сөздер құрылымдық және жиілік тұрғысынан кешенді түрде қарастырылды. Романда кездесетін лексикалық бірліктер талданып, олардың тарихи-семантикалық сипаты, тілдік табиғаты мен қолданыс аясы айқындалды. Ең алдымен, ескі кітаби лексика ұғымының теориялық негіздері сараланып, оның түркі жазба дәстүріндегі орны мен рөлі сипатталды. Осы негізде жазушы тіліндегі діни, этикалық, әкімшілік-басқару, тұрмыстық лексика қатары анықталып, құрылымдық топтарға бөлінді. Сонымен қатар, аталмыш лексикалық бірліктердің қазіргі қазақ әдеби тіліндегі баламалары көрсетіліп, араб-парсы негізді (діни) сөздердің қолданылу жиілігі, олардың мәтін мазмұнына әсері, мағыналық реңктері мен контекстуалдық қолданысы салыстырмалы-талдамалы әдіспен қарастырылды. Зерттеу барысында 8 кесте құрылып, әрбір лексикалық бірліктің жиілігі мен мағынасы анықталып, Қажығұмар Шабданұлының тілдік шеберлігі мен тарихи лексикалық қорды көркем мәтінде ұтымды пайдалануы нақты мысалдармен дәлелденді. Архаизмдердің морфологиялық және синтаксистік құрылымдары айқындалып, олардың сөйлемдегі қызметі мен мәтіндік рөлдері талданды. Сондай-ақ бұл лексикалық қабаттың автор тілінде қаншалықты жиі қолданылғаны зерттеу жұмысынан тыс қалмады. Зерттеу нәтижелері тарихи сөздік қордың мәтіндегі қолданысын, жиілік заңдылықтарын және көркем тілдегі қызметін тереңірек тануға негіз болады. Бұл тұжырымдар ескі кітаби сөздердің мазмұндық ауқымын, мағыналық реңктерін және қолданылу контексін нақтылап, тарихи сөздік қорды жүйелеу мен толықтыруға септігін тигізеді. Зерттеу нәтижелері жазушының тілдік таңдауындағы мотивтерді, тарихи лексемалардың коммуникативтік және эстетикалық қызметін ашуға жол ашады.

Түйін сөздер: ескі кітаби лексика, лексикалық қабат, көнерген сөздер, тарихи лексикология, көркем мәтін, лексема, жиілік.

Түсті: 22.05.2025; Жөнделді: 11.12.2025; Мақұлданды: 22.12.2025; Онлайн қолжетімді: 29.12.2025

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде кітаби лексика ұғымы – тарихи жазба әдеби тіл кезеңдерінде қолданылған, қалыпты лексикалық жүйеден белгілі бір дәрежеде ерекшеленетін тілдік бірліктерді білдіреді. Бұл лексикалық қабат қазіргі әдеби тілдің жүйесінен өзгеше бола тұра, көне жазба тіл дәстүрімен сабақтасып, әдеби тілдің тарихи негізін сипаттауда маңызды орын алады (Әбілқасымов, 1971). Ғылыми айналымда «кітаби лексика» термині кейде «әдеби лексикамен» синоним ретінде де қолданылып жүр. Алайда әдеби тілдің даму кезеңдерімен байланысты лексикалық құрамның да үнемі өзгеріп отыратыны – тіл білімінде дәлелденген аксиомалық ұстаным (Сыздықова, 1993). Осы ғылыми негізге сүйене отырып, қазақ тіліндегі кітаби лексика тарихи-синхронды тұрғыдан екі үлкен кезеңге бөлінеді:

- Көне кезеңге тән кітаби лексика;
- Қазіргі кезеңдегі кітаби лексика (Әбілқасымов, 1971).

Әдеби тілдің қай дәуіріне қатысты болсын, ондағы лексикалық бірліктердің жүйелі нормалылығы мен стильдік жіктелісі – тіл дамуының ішкі заңдылықтарының айғағы. Бұл сипат көне кітаби тіл үлгілерінде де, қазіргі жазба әдеби тіл құрылымында да бірдей сақталған. Мысалы, қазіргі қазақ әдеби тіліндегі *мен, және, осы, жұрт, жолдас, жақсы, тура, тас, қойды, ұлы, облыс, құрметті, себепті, мұратқа, елдерді, сезеді, білмейді* сынды сөздердің көне жазба үлгілеріндегі баламалары *илә, илән, уа, диу, үшбу, йурт, йулдаш, яхшы, тұғры, таш, қойдылар, оғлы, уалаят, хурмәтлу, сәбәблі, мурадға, илларни, сезедүр, білмейдүр* түрінде көрініс табады. Мұндай сәйкестіктер көне кітаби тілдің жалпытүркілік негізде қалыптасқандығын дәлелдейді.

Қазіргі қазақ әдеби тілі өз лексикалық негізін, негізінен, жалпыхалықтық тілден алады. Бұл – халық тілі негізінде сұрыпталып, мағыналық әрі стильдік жағынан дамытылған, айтылуы мен жазылуы тұрақталып, кодификацияланған жүйе ретінде көрінеді (Қалиев & Жаңабаев, 2007). Осы нормалар қазіргі әдеби тілдің жазба мәдениет талаптарына сай болуын қамтамасыз етіп, оны функционалдық стильдердің негізгі тірегіне айналдырады.

Осы тарихи жалғастық қазіргі кезеңде де сақталып отыр. Атап айтқанда, кітаби лексика құрамындағы сөздердің стильдік қызметіне қарай іріктеліп, белгілі бір функционалдық стильдерге сәйкес қолданылуы – лексикалық жүйенің ішкі ұйымдасуының көрінісі болып табылады. Бұл жағдай стильдік саралану принципінің кітаби лексикада ертеден орныққанын аңғартады. Нақтылай айтқанда, көне кітаби тіл екі негізгі стильдік салада: ресми және діни бағытта қызмет етсе, қазіргі қазақ әдеби тілі бес функционалдық стильге жіктеледі: ресми іс қағаздар стилі, публицистикалық стиль, ғылыми стиль, көркем әдебиет стилі және ауызекі стиль. Әсіресе ресми стиль – көне де, қазіргі де кезеңдерде тұрақты қызмет атқарып келе жатқан стиль саласы. Бұл тілдік дәстүрдің сабақтастығы мен тұрақтылығын көрсетеді.

Кітаби лексиканың стильдік саралануы тек тілдің ішкі құрылымын сипаттап қана қоймай, тарихи жазба дәстүрлердің өзіндік тілдік табиғатын да бейнелейді. Бұл тұрғыда көркем әдебиеттің рөлі ерекше. Түркі халықтарының жазба мұралары – «Құтадғу білік» (XI ғ.), Қ.А.Ясауидің «Диуани Хикметі» (XII ғ.), «Хусрау уа Шырын», «Мұхаббат-наме», «Жүсіп – Зылиха» сияқты шығармалар (XIII–XVI ғғ.), сондай-ақ «Жәми ат-тауарих» (XVI ғ.) – өз дәуірінің кітаби тілін қалыптастырған, лексикалық әрі стильдік тұрғыдан үлгі болған көркем туындылар. Бүгінгі қазақ әдеби тілі де осы тарихи-әдеби сабақтастықты сақтай отырып, көркем әдебиетпен қатар дамып, байып келеді.

Қазақ тілі түркі тілдер тобына жататындықтан, оның лексикалық жүйесінде ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің тілімен сабақтастық сақталған. Бұл ескерткіштердің тілі қазіргі қазақ тілінен мүлде алшақ жатқан дербес құрылым емес, қайта грамматикалық құрылымы мен сөздік қоры жағынан ұқсастық байқалатын, барша түркі халықтарына ортақ тілдік мұра екені аңғарылады (Түймебаев & Ескеева, 2013).

Кітаби тілдің тарихы V ғасырдан басталып, Орхон-Енисей жазбаларынан (көне түркі дәуірі), орта ғасырлардағы діни және поэтикалық мәтіндерге (XI–XVI ғғ.), одан кейінгі қазақ жыраулар поэзиясына және Абай дәуіріне дейінгі кең ауқымды қамтиды. Қазақ әдеби тілі осы кезеңдердің барлығынан лексикалық әрі стильдік элементтерді бойына сіңіре отырып дамыған (Қалиев & Болғанбаев, 2006). Мәселен, Шәді Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев сияқты қаламгерлер өз шығармаларында араб-парсы, шағатай тіл элементтерімен қатар таза қазақ тілінің негізін де шебер ұштастырып қолданған (Тұрышев, 2008). Бұл құбылыс – қазақтың ескі кітаби тілі дербес тіл емес, бірнеше тілдік жүйенің өзара ықпалдастығынан туған өтпелі құрылым екенін көрсетеді.

Осы тарихи дәстүр қазіргі әдеби тілдегі стильдік саралану ұстанымымен өзектес. Бұрын ресми және діни мақсаттарда қолданылған кітаби лексика қазіргі кезеңде ғылыми, ресми-іс қағаздар, көркем әдебиет, публицистикалық және ауызекі стильдер арқылы бейімделіп, жаңғыра түсті. Бұл – кітаби лексика мен функционалдық стильдердің тарихи-тілдік жалғастығының нақты дәлелі. Бұл тарихи сабақтастық қазіргі қазақ әдеби тіліндегі кітаби лексиканың стильдік саралануы мен функционалдық қызметтерін түсінуге негіз болады. Өйткені бұрынғы ресми және діни стильдерден бастау алған бұл жүйе бүгінде ресми, ғылыми, публицистикалық, көркем және ауызекі стильдерде көрініс таба отырып, тіл дамуының тарихи-стильдік логикасын айқындайды.

Көркем әдебиет ұлттық тіл мен мәдениеттің көрінісі ғана емес, сонымен қатар тарихи-лексикалық қабаттарды танытатын маңызды лингвистикалық дереккөзі болып табылады (Mursal et al, 2025). Әдеби шығармаларда сақталған ескі кітаби лексикалық бірліктер тілдің тарихи эволюциясын зерттеуде айрықша рөл атқарады. Мұндай лексемалар көбіне дәстүрлі жазба тіл үлгілерімен, халықтың тұрмыс-салт ерекшеліктерімен және өткен ғасырлардағы әлеуметтік құрылыммен тығыз байланысты болып келеді. Алайда бұл сөздер тұрақты қолданысқа енбей, авторлық ерекшелікке қарай әр шығармаларда түрлі тұлғалармен қолданылуы мүмкін. Бұл жағдай көркем мәтіндегі автор стилі мен тарихи тілдік дәстүрдің синтезін көрсетеді. Әсіресе XX ғасырдың ортасы мен екінші жартысында жазылған бірқатар шығармаларда ескі кітаби лексиканың айтарлықтай қоры сақталған (Әбілқасымов, 1982). Солардың бірі – Қажығұмар Шабданұлының алты томдық «Қылмыс» романы. Бұл туынды XX ғасырдың екінші жартысында Қытайдағы саяси қуғын-сүргін жағдайында жазылғанымен, қазақ тілінің тарихи қабаттарын сақтап, көркем тілмен жеткізген маңызды әдеби-филологиялық дерек көзі болып саналады.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Қажығұмар Шабданұлы 1925 жылы Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай өңіріндегі Таңсық елді мекенінде дүниеге келген. XX ғасырдың 30-жылдарының басындағы саяси-әлеуметтік қиындықтар, атап айтқанда жаппай ашаршылық пен қуғын-сүргін салдарынан жазушының отбасы Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесіне қарасты Дөрбілжін ауданына қоныс аударуға мәжбүр болған. Көптомды «Қылмыс» романы алғаш рет Қытай Халық Республикасының Үрімжі қаласындағы «Шыңжаң халық баспасынан» жарық көрген. Бірінші кітабы 1982 жылы 15 мың дана таралыммен, ал екінші кітабы 1985 жылы 20 мың дана болып басылып шыққан. Алайда үшінші кітап жарық көрмей жатып, ресми цензураға ілігіп, баспа бетін

көрмеген (Әдебиет порталы, 2025). Осылайша, Қытай үкіметі аталған романды таратуға ресми түрде тыйым салған. Кейін ұзақ үзілістен соң, роман 2009 жылы Қазақстанда толық көлемде «Атажұрт» баспасынан алты том болып қайта жарық көреді. Бұл басылым жазушы мұрасының тарихи, әдеби және рухани мәнін отандық оқырманға танытуда маңызды рөл атқарады.

Осы тұрғыдан алғанда, Қажығұмар Шабданұлының алты томдық «Қылмыс» романы тарихи-лексикалық қабаттардың көрініс табуы мен стильдік құрылымын зерттеуге мүмкіндік беретін күрделі тілдік материал болғандықтан, зерттеу нысаны ретінде мақсатты түрде таңдалды. 2025 жылы Қажығұмар Шабданұлының туғанына 100 жыл толады. Осы мерейтой аясында жазушының әдеби мұрасын тарихи, лингвистикалық және әдеби бағыттарда кешенді түрде қайта қарастыру, ұлттық руханият пен тіл ғылымы үшін өзекті.

Роман – автордың Қытай Халық Республикасындағы отарлық саясаттың зардабын басынан кешіре отырып, қырық жылға жуық қамауда жазған рухани-моральдық эпопеясы (Жұмаділов, 1996). Бұл туынды көркем әдебиеттің тарихи функциясын айқын көрсетіп қана қоймай, қазақ тілінің ішкі құрылымдық қабаттарын, әсіресе ескі кітаби лексиканы тірілтіп, қазіргі әдеби тілмен сабақтастырады. Романда кездесетін көне лексемалар мен фразеологиялық тіркестер ұлттық рухани кодтың сақталуы мен көркемдік тәсілдер арқылы жаңғыруын көрсетеді. Демек, «Қылмыс» романы тек әдеби тұрғыдан ғана емес, лексикологиялық, тарихи және социолингвистикалық аспектіде де құнды материал болып табылады.

Шығармада сақталған ескі кітаби лексикалық бірліктер – тілдің тарихи-стильдік және функционалдық дамуын сипаттайтын репрезентативті деректер. Әсіресе архаикалық зат есімдердің, діни және тұрмыс-салтқа қатысты атаулардың жиі кездесуі бұл мәтінді құрылымдық әрі сандық тұрғыдан жүйелі талдауға мүмкіндік береді. Мұндай лексемалар тек тарихи мағынада ғана емес, стилистикалық қызметі мен контекстік реңкі арқылы да ерекше құнды (Исаев, 2007).

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында Қажығұмар Шабданұлының алты томдық «Қылмыс» романындағы көнерген сөздердің құрылымы мен жиілік ерекшеліктерін анықтау үшін мәтіндік-корпустық талдау, салыстырмалы-тарихи салыстыру және контекстік-семантикалық интерпретация әдістері қолданылды. Алдымен роман мәтіні цифрланып, токенизация, лемматизация жасалып, жиілік көрсеткіштері есептелді; көнерген сөздер арнайы тарихи және этнолингвистикалық сөздіктермен салыстыру арқылы белгіленді. Содан кейін олардың мәтін ішіндегі көркемдік қызметі, стилистикалық рөлі мен семантикалық реңктері контекстік талдау арқылы айқындалды. Жиілік статистикасы архаизмдердің роман құрылымындағы таралуын анықтауға, ал салыстырмалы-тарихи әдіс олардың шығу тегі мен эволюциясын көрсетуге мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу

Ескі екітаби лексика – тарихи тіл білімінің маңызды тармағы ретінде қазақ тілінің қалыптасу, даму үдерісін айқындауда үлкен мәнге ие. Бұл салада І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Б. Сағындықұлы, Ш. Құрманбайұлы сынды ғалымдардың еңбектері елеулі үлес қосты. Олар ескі лексикалық қабаттарды түркілік негізде саралап, тарихи-семантикалық, этимологиялық сипаттарын жан-жақты талдаған. Сонымен қатар, көркем

әдебиет тіліндегі тарихи элементтерді тану, құрылымын анықтау бағытында жүргізілген зерттеулер – әсіресе Е. Жанпейісовтің көркем мәтіндегі тілдік ерекшеліктерге арналған еңбектері – қазіргі зерттеуге теориялық және әдістемелік негіз болды. Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» романы тіліндегі көне элементтерді анықтау барысында тарихи лексикография, мәтін лингвистикасы және көркем тіл стилистикасы бойынша жазылған еңбектерге де сүйенілді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Романның түрмеде жазылғанына қарамастан, ондағы тілдік бейнелеу құралдары, лексикалық әртүрлілік, көнерген тілдік элементтердің табиғи қолданысы – шығарманың көркемдік деңгейімен қатар, тілдік жағынан да жоғары екенін айғақтайды. Бұл шығарма белгілі бір автор поэтикасының шеңберінен шығып, қазақ әдеби тілінің эволюциясын, әсіресе ескі кітаби лексиканың трансформациясын, жалғастық сипатын зерттеуге кең мүмкіндік береді. Осыған байланысты, Қажығұмар Шабданұлының романы тек тарихи-лингвистикалық емес, сонымен қатар әдеби тіл тарихын жаңаша пайымдауға негіз болатын дереккөз ретінде қарастырылуға тиіс.

Зерттеу әдістемесіне сәйкес, Қ. Шабданұлының «Қылмыс» романының алты томы, толығымен электронды форматта (вордқа) жинақталып, қазақ тілінің ұлттық корпусындағы «сөзжиілікке» енгізіліп, екселде әрбір сөз реестрмен берілді. Одан кейін ескі кітаби сөздер қолмен инвентаризацияланып, AntConc бағдарламасы арқылы абсолюттік жиілік көрсеткіштері есептелді. Зерттеуіміз тарихи лексиканың роман мәтініндегі таралу сипатын сандық тұрғыдан бағалап, сөздердің стильдік қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Төмендегі 1-кесте «Қылмыс» романындағы ескі кітаби зат есімдердің абсолюттік жиілігін көрсетеді.

1-кесте. «Қылмыс» романындағы көнерген сөздердің (зат есімдердің) жалпы жиілігі

Лексикалық бірлік	Жиілік (рет)
Қаспақ	3
Сарқын	4
Саба	2
Піспек	2
Қылыш	63
Қауыз	5
Қармақ	16
Құндақ	29
Борбай	20
Көсеу	27
Мүсәпір	31
Сойқан	89
Малай	97
Шелек	43
Өгей	26
Шүйкебас	2

Істік	362
Сойыл	62
Барымта	1
Күрке	54
Ноқта	12
Тымақ	134
Қыл	27
Шылбыр	22
Дүреші	5
Сырмақ	26
Өмеңгер	11
Дүре	15
Алжа	3
Патша	22
Жалшы	52
Қыстақ	20
Кеспелтек	3
Тентек	34
Шалдуар	6
Сөзбұйда	1
Тақия	6
Желек	20
Сенек	1
Саба	2
Торсық	15
Қансонар	3
Аңшы	162
Күпі	18
Шақай	20
Шылбыр	22
Шүметай	4
Тоңғақ	1
Теперіш	8
Етік	50
Тоқпақ	12
Діңгек	15
Көген	14
Інсән	1
Іңір	172
Қап	31
Қатын	403
Абақты	202
Кұл	20

Батыр	344
Ақсарбас	8
Шырпы	5
Күн	173
Көбе	3
Қоныш	17
Күрзі	11
Асық	3
Білезік	13
Сақина	4
Сырмақ	10
Тәбәрікші	1
Қоржа	78
Тон	172
Порым	12
Текемет	10
Оқа	10
Мәсі	5
Жүзік	11
Сүлдер	4
Қақпан	78
Топса	2
Хақы	20
Тілерсек	2
Тарамыс	5
Кісен	68
Пошала	1
Ұлтарак	1
Шұлғау	2
Қасам	13
Кәлам	8
Қарма	16
Бешбет	72
Алаша	26
Келі	8
Келсап	6
Келіші	1
Жарма	6
Алқым	129
Кәде	12
Тулақ	2
Кекіл	7
Делебе	2

Жасақ	36
Теперіш	8
Наша	7
Дағуагер	6
Шайқы	3
Шұға	23
Дүңше	2
Шарбақ	9
Көмпіс	1
Диуана	39
Мес	16
Мысқал	1
Үйшік	12
Шыбыш	1
Дуалша	1
Шөгір	2
Түйнек	5
Ләшкер	6
Білеу	23
Әуселе	2
Нөпір	5
Көмбе	21
Шынжыр	12
Қаптал	17
Әпитек	2
Тауқымет	4
Сәкі	48
Зәмбіл	29
Леген	11
Қасам	13
Тажал	24
Қоламта	3
Келдек	1
Қадақ	1
Құныкер	10
Әбзи	11
Шаңтас	4
Қауқар	4
Кепірес	1
Қалпе	4
Башпай	2
Лапас	9
Желемік	4

Бейіт	11
Мүкіс	5
Жекжат	3
Аусар	5
Мүсәпір	31
Ғарып	8
Міскін	2
Зікір	1
Бейбақ	5
Зындан	12
Банды	105
Қанжар	48
Шаһар	16
Жеңдет	206
Шекпен	8
Пақыр	6
апақ-сапақ	31

Жиілік талдауы көрсеткендей, Қ. Шабданұлының «Қылмыс» романындағы көнерген сөздер (зат есімдер) 170 лексеманы қамтиды. Олардың ішіндегі ең жиі кездесетін сөздер: қатын (403), істік (362), батыр (344), ал сирек кездесетіндері – барымта, сенек, инсән т.б. Бұл лексемаларды үш негізгі семантикалық топқа бөлуге болады:

Әлеуметтік-қатынастық ұғымдар: Қатын (403), абақты (202), құл (20) сияқты сөздер, романдағы отбасылық қатынастар мен түрме мәселесіне қатысты тақырыптың басым екенін көрсетеді.

Қару-жарақ және зорлық құралдары: Істік, қылыш (63), сойыл (62), құндақ (29) сөздері қақтығыс пен әділдік іздеу мотивтерімен байланысты.

Әлеуметтік рөлдер мен күйзеліс көрсеткіштері: Батыр (344), банды (105), жеңдет (206) сөздері кейіпкерлер мен олардың қарсыластарының құқықтық және моральдық әрекеттерін сипаттайды.

Архаикалық және мәдениеттанулық мәні бар лексемалар: саба (2), піспек (2) сөздерінің сирек қолданылуы, тарихи фонды қалыптастырады және оқырманға ескі жазба дәстүрін сезіндіреді. Жиілік талдауы шығарманың жанрлық ерекшелігін, тарихи атмосфераны сақтай отырып, қазіргі әдеби тіл нормаларымен үйлескен стилистикалық мақсатты көрсетеді.

«Қылмыс» романында көнерген сөздерді анықтау барысында, сын есімдердің де айтарлықтай жиі қолданылатындығы байқалды. Бұндай сын есімдер автордың тілдік қолданысында тек сипаттаушы функция ғана атқарып қоймай, шығарманың негізгі идеясы мен кейіпкерлерінің психологиясын, олардың әлеуметтік күйін айқындауда маңызды рөл атқарады (Жұбанов, 1966). Талдау барысында байқалғандай, сын есімдер арқылы автор өз дәуірінің ерекшеліктерін, қоғамның ішкі қайшылықтарын көрсетуге ұмтылған. Осы талдау негізінде, төмендегі кестеде «Қылмыс» романындағы көнерген сөздердің (сын есімдердің) жалпы жиілігі көрсетіледі.

2-кесте. «Қылмыс» романындағы көнерген сөздердің (сын есімдердің) жалпы жиілігі

Лексикалық бірлік	Жиілік (рет)
Қандыбалақ	4
Сумақы	4
Дүмбілез	3
Сайқал	64
Шикіл	11
Дәуірім	1
Кексе	72
Жепек	3
Алпамсадай	9
Дойыр	1
Зорекер	57
Мәсілі	1
Шүйкиген	3
Сақадай	1
Мұжық	3
Алыпсоғар	1
Сілтідей	1
Тапал	11
Паң	1
Шүкірейген	1
Малмандай	6
Өңгүдік	3
Шұбар	22
Қанқұйлы	29
Көнектей	4
Тымырсық	10
Божбиған	3
Пәтуалы	1
Тілмар	4
Сұңғақ	13
Барқыттай	1
Бұлаудай	3
Шалғылы	1
Төртпақ	2
Салдақы	14
Жансебіл	11
Назалы	2
Қақас	14
Зәрезеп	2
Дырау	8

Шомбал	2
Шылағи	11
Маңғаз	10
Сұм	156
Албырт	5
Көмпіс	1

«Қылмыс» романындағы көнерген сөздердің (сын есімдердің) жиілігі талданғанда байқағанымыз, лексикалық бірліктердің көпшілігі терең мағыналы әрі символикалық сипатта көрініс тапты. Бұндай бірліктер шығарманың ішкі құрылымын және жанрлық ерекшеліктерін айқындауға көмектеседі. Мысалы, *сұм* (156), *сайқал* (64), *қанқұйлы* (29) сияқты сын есімдер адамдардың адамгершілік пен моральдық құндылықтардан ауытқуын, әділетсіздігін, зорлық-зомбылығын бейнелейді. Бұл сөздер романдағы қақтығыстар мен кейіпкерлер арасындағы күреске байланысты қолданылған. Сонымен қатар, *кексе* (72), *қақас* (14), *шүкірейген* (1) сияқты сын есімдер, кейіпкерлердің жас ерекшеліктерін сипаттайды.

Романдағы сын есімдердің қолданылуы тек тілдік құрылымның күрделілігін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және психологиялық шиеленістерді де көрсетеді (Жұбанов, 1966). Көнерген сөздердің тілдің нақтылығы, ұғымдар мен сипаттамалардың тереңдігі, әсіресе көркем тілде қолданылуы шығарманың ерекше эстетикалық мәнін арттырады. Бұл тілдік бірліктердің жиі қолданылуы сол дәуірдегі қоғамдық қатынастар мен дүниетанымның көрінісі болып табылады. Әрбір сөздің тарихи және әлеуметтік контексте ерекше мағынасы бар, бұл шығарманың стилистикалық ерекшеліктерін талдауға мүмкіндік береді (Қалиев & Болғанбаев, 2006).

Зерттеу барысында әрекет, қозғалыс пен өзгерісті білдіретін ескі кітаби етістіктердің де кездесетінін байқадық. Бұл етістіктер шығарманың динамикасын, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін және олардың ішкі күйін нақты сипаттауда маңызды рөл атқарады. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, етістіктерді жеке кесте түрінде талдауды жөн деп таптық.

«Қылмыс» романында көнерген сөздерге тән етістіктердің жиілігін анықтау арқылы шығарманың тілдік құрылымындағы ерекшеліктерді зерттеу мақсатында жүргізілген талдауда бірнеше маңызды тұжырымдар жасалды. Бұл кесте романның динамикасын, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, ішкі сезімдері мен күйзелістерін бейнелейтін етістіктерді қамтиды. Сонымен қатар, ескі кітаби етістіктердің пайдаланылуы әдеби тілдің тарихи қабаттарын және жазушының тілдік шеберлігін көрсетуге бағытталған. Зерттеу барысында кездескен етістіктердің сандық көрсеткіштері шығарманың көркемдік құрылымындағы рөлі мен маңызын айқындайды.

3-кесте. «Қылмыс» романындағы ескі кітаби лексикалық бірліктердің (етістіктердің) жалпы жиілігі

Лексикалық бірлік	Жиілік (рет)
бебеулеп	3
сему	2
кәнікті	2

қыдыып	7
тепсініп	12
өндіршектеп	5
әспенсіп	1
бүріп	24
кәукілектеп	1
өкірештей	4
қомсынысып	1
шөкімдеп	2
мәпелеп	4
мықшиып	7
бүкшиіп	3
шүңірейіп	2
дағдарып	10
үрпиген	1
шиырлап	2
сүлкіген	1
мөңкітіп	1
құйқылжып	12
монтансып	2
көлііп	1
жәркемдеп	3
бебеулейді	1
қаужанып	1
шыжғырып	8
кеулеп	28
кемсеңдеп	3
қаңғырап	1
мелшиіп	11
бүрістіріп	3
дедектеп	4
шатынап	9
ақсиып	4
шікірейіп	1
мөлейіп	2
көлітіп	1
түксиіп	17
ышқыну	2
манаурап	1
шақырайып	2
күбіжікте	1
миземей	5

3-кестеде көрсетілген көнерген сөздердің (етістіктердің) жиілігі, Қ. Шабданұлының «Қылмыс» романында қолданылған тілдік құралдардың ерекшелігін айқындайды. Етістік-

тердің сандық көрсеткіштері, етістіктердің шығармадағы эмоционалды және динамикалық жүгін беруінде үлкен рөл атқаратынын көрсетеді. Бұл етістіктердің арасында жоғары жиілікте кездесетіндер (*бүріп* – 24, *кеулеп* – 28, *түксиіп* – 17) мен сирек қолданылғандары (*мөңкітіп* – 1, *шыжғырып* – 8) романның драмалық және психологизмдік сипаттарын тереңдетеді.


Етістіктердің көптігі мен әртүрлілігі кейіпкерлердің әрекеттерін, сезімдерін, ішкі күйзелістерін сипаттауда қолданылған. Мысалы, *кеулеп*, *түксиіп*, *шатынап* сияқты етістіктер арқылы кейіпкерлердің күйзелісі мен қарым-қатынасын және ішкі әлемі бейнелесе, ал *бүріп*, *құйқылжып* сияқты етістіктер арқылы нақты іс-қимылдардың әрекеттік сипатын көрсетеді. Бұл етістіктердің қолданылуы шығарманың тілін байытып, оның көркемдік және эмоционалды әсерін күшейтеді.

Шығармадағы көнерген сөздердің (етістіктердің) қызметі тек тілдік құрылыммен ғана шектелмейді. Олар романның тарихи контекстінде қазақ халқының рухани және әлеуметтік жағдайын түсінуге мүмкіндік береді. Архаикалық етістіктердің қолданылуы, әсіресе, автордың уақыттың ерекшеліктерін бейнелеудегі мақсатымен тығыз байланысты.

«Қылмыс» романындағы көнерген сөздердің (етістіктердің) қолданыс жиілігін сандық тұрғыдан талдау мақсатында зат есім, сын есім және етістік сөз таптарына жататын бірліктер жеке-жеке жіктеліп, олардың жиілік көрсеткіштері үш кестеде ұсынылды (1-кесте, 2-кесте, 3-кесте). Осы мәліметтерді визуалды түрде бейнелеу үшін жиілік көрсеткіштері біріктіріліп, салыстырмалы бағанды диаграмма құрылды. Диаграммада әрбір сөз табына тән ескі кітаби сөздердің саны мен олардың роман ішіндегі қолданылу жиілігі нақты көрсетілген. Бұл визуалды құрал зерттеліп отырған тілдік бірліктердің сөз табы тұрғысынан қай бағытта көбірек қолданылғанын анықтауға және мәтіндегі тарихи лексиканың прагматикалық жүктемесін бағалауға мүмкіндік береді. Төменде «Қылмыс» романындағы көнерген сөздердің (зат есімдер, сын есімдер, етістіктер) жиілік көрсеткіштерінің өзара салыстырмалы диаграммасы берілген. Диаграммада әр сөз табына тән бірліктердің жиілігі сандық мәндер арқылы бейнеленіп, олардың мәтіндегі таралу үлесі көрнекі түрде көрсетілген.

1-диаграмма. «Қылмыс» романындағы ескі кітаби лексикалық бірліктердің (зат есім, сын есім, етістік) жиілік көрсеткіштерінің салыстырмалы диаграммасы

“Қылмыс” романындағы ескі кітаби лексикалардың жиілігі (Зат есім, Сын есім, Етістік)



Төменде 4-кесте ретінде ұсынылып отырған мәліметтер «Қылмыс» романындағы көнерген сөздердің жазылым нұсқалары мен олардың қолданыс жиілігін көрсетеді. Бұл кесте арқылы автор қолданған лексемалардың әртүрлі орфографиялық түрлері мен олардың мәтінде кездесетін жиілігі айқындалып, роман тіліндегі фонетикалық, графикалық вариациялардың көрінісі ғылыми түрде жүйеленеді.

4-кесте. «Қылмыс» романындағы ескі кітаби лексикалық бірліктердің жазылым нұсқалары мен олардың жиілігі

Лексема	Нұсқасы	Жиілігі
Дұға	дуға	40
Пәруана	паруана	7
Данышпан	дәнішпән	79
Лажсыз	лажысыз	10
Дуал	дауал	66/63
Падиша	патша	1/22
Өкімат	өкімет	1/11
Бәдал	бедел	1/40
Алпауит	алфавит	3
Бәйпек	бәйек	1/3
Жәмағат	жамағат	1/3
Лағнат	лағынет	6
Нажағай	найзағай	13/17
Михнат	мехнат	2
Пал	бал	5
Пенде	пәнде	41/1
Дұп	дөп	43
Ләшкер	әскер	24

Кестеде көрсетілгендей, «дұға» мен «дуға» (40 рет) деп берілген. Бұнда «дұға» сөзі романда 40 рет кездескенін көруге болады. Ал «дуға» тек жазылым нұсқасы ретінде ұсынылған. Яғни, «дуға» нұсқасы романда қолданылмаған, бірақ көнерген сөздердің жазылым ерекшеліктерін көрсету мақсатында берілген. Бұл тілдің тарихи қабаттарының сақталуын және сол кезеңдегі орфографиялық ерекшеліктерді бейнелеуге бағытталған.

«Нажағай» (13) мен «найзағай» (17) рет берілгенін жиілік кестесінен көруге болады. Бұл екі нұсқаның жиілігіндегі айырмашылық, қызығушылық тудырады. «Нажағай» сөзі 13 рет кездесе, ал «найзағай» сөзі 17 рет кездескен. Екеуі де бірдей мағынаға ие бола тұра, «нажағай» сөзі ескі кітаби нұсқа ретінде қарастырдық. Ал «найзағай» қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылатын нұсқа болып табылады. Бұл айырмашылықтар тілдің дамуындағы тарихи және диалектілік өзгерістерді, сондай-ақ орфографиялық ережелердің уақыт өте келе қалыптасуын көрсетеді. Кестеде көрсетілген жазылым нұсқалары мен олардың жиілігі тілдің тарихи өзгерістерін, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі тілдік нормалар мен дәстүрлер арасындағы айырмашылықтарды айқын түрде көрсетеді.

«Қылмыс» романындағы діни лексемалардың жиілігі мен мағыналық аясын талдаған кезде, олардың шығарманың діни және этикалық мәселелерін сипаттаудағы маңыздылығын

айқындадық. Романда кездесетін діни терминдер мен ұғымдар белгілі бір концептуалды жүйені құрап, кейіпкерлердің дүниетанымын, моральдық және діни көзқарастарын көрсетуге қызмет етеді. Бұл лексемалар тек діни сенімдер мен дүниетанымның көрінісі ғана емес, сонымен қатар шығарманың діни және мифологиялық контексіндегі терең мағыналар мен идеяларын да бейнелейді. Келесі кестеде осы лексемалардың жиілігі мен мағынасы көрсетілген.

5-кесте. «Қылмыс» романындағы діни лексемалардың жиілігі

Лексема	Мағынасы	Жиілік (рет)
Алла	18 мың Ғаламды, Қиямет-Қайымды жаратушы Құдай, асқан құдірет иесі.	163
Шаһид	Исламда шәһид деп өз діні үшін дұшпанның қолынан қаза тапқан адамды айтады	5
Аруақ	Рух, өлген адамның жаны немесе рухы	18
Қиямет	Алланың қиямет күні деп аталатын әлемнің соңғы күні, тіршіліктің тоқтап, есептің алынатын күні	16
Тозақ	Ислам дініндегі жаман адамдардың жазаға тартылатын орны	31
Аллаһуакпар	«Алла ұлы» деген мағынадағы діни сөз, мұсылмандардың дұғаларында қолданылатын сөз	2
Ажал	өлім, адамның өмірінің соңғы сәті	105
Жын	оттың жалындаған бөлімінен жаратылған, әр формаға айнала алатын, үйленетін, ішіп-жейтін, көбейетін және көзге көрінбейтін жаратылыстар	56
Шайтан	адам баласын аздырып, азғындатушы қара күш иесі	56
Албасты	зұлым рух	46
Түлен	сайтан, әзезіл, ібіліс	2
Ғаяр	жалғыз көзді жалмауыз	1
Күнәһар	шариғатқа қайшы іс-әрекет жасаған адам	7
Марқұм	қайтыс болған адам	70
Кәпір	мұсылман дінінен басқа діндегілер, дінсіздер	35
Нәңкір	Ислам ұғымында қабірде тергейтін періште	1
Мүңкір	Ислам ұғымында қабірде тергейтін періште	1
Биссімилла	«Алланың атымен» – деген мағынадағы сөз, мұсылмандық іс-әрекеттерде қолданылады	2
Асстапыралда	«Алла сақтасын» – деген мағынадағы сөз	1
Тәуба	шүкірлік қылу, барға қанағат ету	10
Харам	шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе	11
Талақ	Исламдағы рұқсат етілген ажырасу жолы	20
Пәтуа	Ислам дінінде ғалымдардың дінге қатысты шығарған үкімі, кеңес	9
Інсан	адам, адамзат	1

Талип	құранды үйренуші, білім іздеуші адам	1
Бітшана	Құлшылық, дінге қатысты орындауға тиісті әрекеттер	1

«Қылмыс» романындағы діни лексемалардың жиілігі, көркем шығарманың діни тұрғыдан бай әрі көпқабатты екендігін көрсетеді. Жиі кездесетін «*ажал*», «*жын*», «*шайтан*», «*аруақ*» сынды лексемалар романдағы кейіпкерлердің өмір мен өлім арасындағы күресін, олардың ішкі күйін және діни сенімдерін терең бейнелейді. Сонымен қатар, «*албасты*», «*түлен*», «*қиямет*», «*тозақ*» сияқты мифологиялық және діни ұғымдар шығарманың тарихи және мәдени контекстінде маңызды рөл атқарады. «*Аллаһуакбар*» мен «*биссімила*» сияқты сөздердің қолданылуы романдағы діни тақырыптардың ашылуына ықпал етеді. Сонымен қатар, «*кәпір*» мен «*күнәһар*» секілді моральдық әрі діни мәселелердің орын алуы шығарманың этикалық және діни контекстін тереңдете түседі.

6-кесте. «Қылмыс» романындағы көнерген сөздер мен қазіргі әдеби тіл бірліктерінің салыстырмасы

Ескі нұсқа	Қазіргі норма	Мағынасы	Жиілік
Хас	нағыз	дәл, нақ, шын мәнінде.	21
Үдіре	жаппай	бір мезетте, түгелдей.	44
Тілмаш	аудармашы	тіл аударушы	58
Байпақ	шұлық	аяқкиімнің ішінен аяққа киетін тоқыма киім.	8
Зәр	дәрет	кіші дәрет	5
Сиқы	түрі	сыртқы бейнесі, көрінісі	75
Быжақ	шыжақ	бәйек болу, шыжақ қағу, шырылдау.	1
Дәміл	дамыл	тынығу, үзіліс.	16
Меш	пеш	үйді жылытуға арналған құрал.	1
Далап	ерін бояғыш	әдемілік үшін ерінге жағатын түрлі түсі бар бояу.	1
Қоңсы	көрші	көршілес, есіктес немесе үйме-үй тұратын адам, қоңсы	8
Сұрау	сұрақ	қойылған сауал.	106
Мана	бағана	сәл бұрын, әлгібір әзірде, бағана, әлгінде.	1
Көзәйнек	көзілдірік	көруді түзетуге арналған құрал.	10
Быжынаған	құжынаған	сапырылысып, көп шоғырланған.	1

«Қылмыс» романында қолданылған ескі нұсқадағы лексемалар мен олардың қазіргі әдеби тілдегі баламаларын салыстыру нәтижесінде тілдің тарихи даму бағыты мен нормалану үдерісі айқын байқалды. Мысалы, «*хас*» сөзі қазіргі әдеби тілде «*нағыз*» нұсқасымен тұрақтанса, «*тілмаш*» – «аудармашы», «*байпақ*» – «шұлық» сияқты баламалар арқылы мағыналық нақтылық пен терминологиялық жүйелілік орныққан. Кейбір көнерген сөздер («*үдіре*», «*дәміл*», «*қоңсы*») бүгінгі тіл қолданысында сирек не диалектілік сипатта ғана кездеседі, бұл олардың тарихи кезеңге тән екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, кейбір лексемалар («*зәр*» – «*дәрет*», «*сиқы*» – «*түрі*») тұрмыстық тілдік қолданыстан толық жоғалмай, белгілі мағыналық көлеңкелермен бірге сақталған. Осы салыстырулар роман тілінің дәуірлік ерекшелігін ғана емес, жалпы қазақ тілінің лексикалық және

стилистикалық өзгерістер тарихын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл деректер жазушының ұлттық тілдік мұраны сақтауға деген саналы ұмтылысын, сондай-ақ көркем мәтін арқылы дәстүрлі сөз қолданыстарын жаңғыртуға жасаған шығармашылық әрекетін де дәлелдейді.

«Қылмыс» романындағы ескі және қазіргі сөз қолданыстарының арақатынасын көрсету мақсатында мағынасы мен жиілігі бойынша салыстырылған арнайы кесте дайындалды. Төменде сол талдау негізінде жасалған салыстырмалы кесте берілген.

7-кесте. «Қылмыс» романындағы сирек қолданылған көнерген сөздер

Лексема	Жиілік (рет)	Мәтіндегі мысалы
Барымта	1	Момын ауылдың аузына тәтті салып, «құда түстік» дегенімен, шын мәні барымта еді (Шабданұлы, 2009).
Қатынталақ	1	Құрметті «тергеушім», осымен қылмысымның алғашқы томы аяқталды. Шың Сысай торынан яғни алғашқы тордан қағыс қалған элемент екендігім нақ фактімен толық дәлелденген шығар. «Тордан қағыс қалған» деген сөз қазіргі кезде қылмыстының арты қылпылдап кететін, бұлтартпас ажалды қылмыс қой. Сол ажалдан да қиын айыбым – қаршадайымнан қатынталақ болып қалуым (Шабданұлы, 2009).
Иінтіресіп	1	Екеуміз киім ауыстырып жиын алаңына жеттік. Алаңның көше жақ шетінде халық иінтіресіп тұр екен. Ыңғай ақ киім киген сақшылар ығыстырып, кетуді бұйырса да халық міз бағар емес (Шабданұлы, 2009).
Пошала	1	– Енді оны қай бетіммен... не абыройыммен көрермін!.. Тым болмаса бағана олар келгенде... пошаладан шықсам... немесе айқай салсам еді!.. Қасыма Санатпай отырып алды да, аузымды басып қорқытумен болды (Шабданұлы, 2009).
Кепіреш	1	– Дәріні қайдан тауыпты? Ыңғай улы дәрімен емдеуші еді. – Аздаған алмасы, кепіреші , сынабы бар екен. – Жеген тамағы үшін дәрісі мен өнерін сатып жүр депші, қасындағы жалғыз Биғаділді де баға алмапты (Шабданұлы, 2009).
Жареуке	1	Осы албастыны он жылдан бері мадақтаған жареуке тіл, жарамсақ жыр аз болды ма? «Шынжаң газеті» бетіндегі мұны жер-көкке сыйғызбай, өңеші үзілгенше шырқатқан өлеңінің бәрін жайып салсаң Шынжаңның жер аумағына сыяр ма (Шабданұлы, 2009)?
Зікір	1	– Мен ешқай ашынама ондай құқық берген емеспін. Ешкімнен мұндай хайуандық, зорекерлік те көрген емеспін. Әңгі болып оқыраңдай қалғандарына «саған керегі мынау ғой, ала бер неше пәйің болса да, сені ойнатуға басқа өнерлерім де жетеді!» деп зікірінен тұтып алатынымын (Шабданұлы, 2009)!
Үрпі	1	Ал бұл бас Шынжаңның маңдайына басқан барлық «бұғылардың» мүйізі тұрмақ, өзін де жұтып болмады ма? Неше мыңдаған сол бұғыларды жұтудың тәсілін мылтығының «аузымен» ғана ойлап тапқан «данышпан көсемнің» басы ғой бұл, қалай ағармасын. Үрпіне қызған сым темір жүгірту, тырнақ көбесіне қамыс тығу, шегеге жалаң аяқ тұрғызу, әйнек қиыршығына тізерлету, «танкі тергеу», «аэроплан тергеу», көзін электр тоғымен суыру, қапқа салып тірілей көму сынды адамды қинаудың ең «асыл» ғылымдарын сапқа тұрғызып, «тергеу қинауында өлтірілсе сұраусыз» деген бұйрықты түсірген осы бас емес пе (Шабданұлы, 2009)?
Дойыр	1	Қорғасын жіпшілеп өзі өрген дойыр қамшысын білеп, жазықсыздау екеуін отырғызып қойыпты да, дүрешіні желкеден басыпты келіп: – Кедейді кезеңнен тосып, ойпаңнан тонайтын қырсығы сен екенсің ғой! – деп, шалбарының бауын үзіп жіберіп, жалаңаштанған құйрыққа жиырманы ұрыпты (Шабданұлы, 2009).

Келдек	1	Бір келдек тергенімізше болған жоқ, ең сорлы күрке лап ете түсті, тұра жүгірдік. Жоғары жақтан орақшылар да жабыла жүгірген екен (Шабданұлы, 2009).
Сақадай	1	– Ә, сары айғыр кісенеді, кешкі тамақ, жүріңдер, асханаға барайық. Сабақтастар сақадай атылуы керек мұндайда! Айтып қояйын, тез қарманбасаңдар аш қаласыңдар (Шабданұлы, 2009)!..
Шілдехана	1	Сол «нұрлы мақала» туылған күнгі шілдеханада менің үнсіз қалуым – қандыбалақ дәрежелі қылмыс тауып, университетке дайындалудың бастамасы екендігі белгілі (Шабданұлы, 2009).
Жұда	1	Осыдан үш-төрт күн өтісімен-ақ, мен пәндихуидің сол ячейка мәжілісіне шақырылдым. Бірақ күткен үмітімнің қасиетті қаңқасынан жұда бола ілініпін (Шабданұлы, 2009).
Сүмендей	1	Мен Тілеуқан айтқан бұрышқа жүгіріп барып, отыра қалдым. Қырындай келіп тоқтаған жабық қара машинадан екі қара киімді түсіп, тәртіп бөліміне кірді де, ол бөлімнен қылаң пәлтелі біреу шығып, жоғарғы, бас жатақханаға қарай сүмендей жөнелді (Шабданұлы, 2009).
Сөзбұйда	1	Көп жылдар істеген еңбегі үшін Беканазар Көкитанның «басын байламақ» болып, Тәбиге құда түседі, бірақ, төрт-бес қарадан басқа еш нәрсе өткізбейді де, құда жақ қызын ұзатып бермей, сөзбұйдаға салып соза береді, қалың мал төлеу – ақсақал кісінің еркінде, «кісідегінің кілті аспанда» (Шабданұлы, 2009).
Ғаярлардай	1	Қорған ішіндегі бұл қорған – күмбез порымындағы жасыл шатырлы шағын ғана жалғыз ғимарат. «Ертеқ-аңыздардағы жалғыз көзді ғаярлардай шексіз үкімшіміз сонда ма екен» деген оймен көбірек қарап отыр едім. Дәл солай болып шықты (Шабданұлы, 2009).
Шақшадай	1	Жетпістен асып бүкірейген шақшадай ғана аппақ шал төмен қарап тұрып алып еді. Көп арасынан Әлімбай хатшы шыға келіп ақырып қалды. Мақпал, негізгі бір жауын енді көріп, бадырая қарап қалған екен (Шабданұлы, 2009).
Торпақша	1	– Е, алғашында біз де тыжырынғанбыз. Бірақ үйренісе келе әлі бал татитын бұл гәңпаннан (күріштен жасалған тамақ) өзіміз жайпай соғамыз да, торпақша томпиып шыға береміз (Шабданұлы, 2009).
Мысқал	1	Бұл жақтың ақшасын көрсетті де «тез жүрсеңдер осының бәріне нан әперемін!» – деді. Әкемдегі ақшаның ең үлкені – «мысқал» деп аталатын майлы қоңыр мата екен (Шабданұлы, 2009).
Көмпіс	1	Ешкім жауап қатпады оған. Екеуіміз бөденедей бүрісіп тығыла түстік. Еш жәбір көрмегендей, көмпістігін білдіріп, көзі жайнап Биғаділ жатыр да, үнсіз жылап мен жатырмын. Бұл менің жат қолдан тұңғыш жеген таяғым еді (Шабданұлы, 2009).
Шекшиген	1	– Биғабіл, сен де түзу тұр! – деп күлімсіреп қойды. Ал, басқаларына бар айбарын көрсетіп, шекшие қалды. Ол бұлай шекшигенде біз қаққан қазықтай қатып қаламыз (Шабданұлы, 2009).
Үшбу	1	– «Алланың ісімен бастаймын» деңдер, екеуің бірдей айтыңдар! – деді молда. Екеуі қатарласа соны айтты. – «Мағарики, мұнан кейін Аллаға қарсы күпірлік етсем, осы кәлам шәріптің қасиеті атсын!..» «Мағарики, Мамырқан – Жанжүкен сияқты некелі әзиз жандарға үшбу қасамнан кейін қастандық-харама ниетте болсам (Шабданұлы, 2009)...
Қадақ	1	Нәсиханның бір қадақ ет салығын бір күні Жанас, бір күні бақайшығынан майысып Жәмила тауып әкеліп беріп жүріпті (Шабданұлы, 2009).
Иеліс	1	Ешкіні бір иеліс , ойық жардың шөптесін тұйығына таман апарып, ашық жағына отырып алдым, ешкі біраз маңырап тұрды да, жайыла бастады (Шабданұлы, 2009).
Байшыкеш	1	Смайыл, Смазы дейтін ағайынды екі хұйзу орта Ергеитідегі шағын ғана бір қожаның иесі екен. Олар егіндік жері мол, мал жағы шағын, бір-екі ғана кісі жалдай алатын күйлері бар байшыкеш көрінді (Шабданұлы, 2009).

Тәбәрікші	1	Молда жүтінгенде тәбәрікші одан да жақсырақ жүгінуі керек қой. Мен де оның жамбасына жабыса далдалап, бар ынтамен жүгіндім. Киіз шарығым астыма сыймағандықтан ұша жөнелмек құстай қоқшырайып қалдым да, қатты күшеп, жығылмауға тырыстым (Шабданұлы, 2009).
Сенек	1	Жаппар мен екі әйелі артылған тал мен қамыстан тәп-тәуір сенек те тоқып, жауып алыпты (Шабданұлы, 2009).
Жарма	1	Жарма шымылдық сырт ете ашыла сала «Әбіш» екеуміз сахнаға кіріп, «Шұғаға» жақындай барып амандастық (Шабданұлы, 2009).
Дуалша	1	Қыстың отынынан да үлкен бір арман бізді құлшындыра түсті: «жұлып жайған миямыздың кепкенін көтеріп әкеле береміз, әкеле береміз, есік алдына дуалша биіктетіп жия береміз. Ол егін пысқанша биіктеп, көлеңке түсіретін биік дуал болады (Шабданұлы, 2009).
Мәна	1	Қасқадан қорықты деген мәнаға шығады ғой! Мен ел көзіне көрінбей көрге кірерлік іс туылады (Шабданұлы, 2009)!..

Романда кездесетін сирек қолданылатын көнерген сөздер қазақ тілінің тарихи даму кезеңдерінен сақталған тілдік элементтер болып табылады. Бұл сөздердің бір реттік немесе өте аз жиілікпен кездесуі олардың әдеби тіл нормасынан біртіндеп ығысып, пассив сөздік қор қабатына өтіп бара жатқанын көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде анықталған *дағар, қатынталақ, иінтіресін, пошала, кірекеш, мысқал, үшбу* сияқты лексемалар тұрмыстық, шаруашылық, діни-рухани және этнографиялық ұғымдарды білдіреді. Осы лексемалар романның тарихи-мәдени контекстін бейнелеуде маңызды қызмет атқарады.

Сирек қолданылатын бұл лексикалық бірліктер автордың тарихи-этнографиялық шындықты дәл беру ұстанымымен, сондай-ақ тілдің дәуірлік ерекшеліктерін сақтауға ұмтылуымен байланысты. Сонымен бірге, бұл сөздердің мәтіндегі қолданылу үлгілері қазақ тілінің семантикалық кеңістігіндегі ескі ұғымдардың көркем әдебиеттегі репрезентациясының мысалы ретінде қарастырылуы мүмкін. Демек, романның тілдік құрылымында сирек лексиканың тіркелуі автор тілінің архаизмдерге бой ұру үрдісін де көрсетеді.

Көнерген сөздерді сұрыптау барысында, романда диалект сөздердің де қолданылғанын байқадық. Бұл тілдік ерекшеліктер шығарманың дәстүрлі тілдік құрылымын ғана емес, сонымен қатар кейіпкерлердің әлеуметтік және мәдени контекстіне де көз жүгіртуге мүмкіндік береді (Қалиев & Сарыбаев, 1979). Диалект сөздер романда кейіпкерлердің тілі мен сөйлесу стилінің ерекшеліктерін анықтай отырып, олардың шыққан ортасы мен әлеуметтік жағдайларын ашып көрсетеді (Аманжолов, 1959). Төменде «Қылмыс» романындағы диалект сөздерден үзінділер келтірілген кестені ұсынамыз.

8-кесте. «Қылмыс» романындағы диалект сөздердің жиілігі

Лексема	Мағынасы	Жиілік (рет)	Мәтіндегі мысалы
Штан	ішкіім	37	– Апа, апа! – деп ұшып келеді тыртыған жалаңаш қара бала. Оның артынан төрт-бес бала қуып келеді екен. Қашып келе жатқан таныс дауысты баланың тұла бойы қожалақ-қожалақ, қап-қара. Бұтында боршаланған штаны ғана бар (Шабданұлы, 2009).
Шыны	күйдірілген саздан жасалған шұңғыл ыдыс, кесе.	248	Бірақ, шай қайнатып ішу жөнін құдайым білсін, шәугім де, шыны да жоқ еді (Шабданұлы, 2009).

Сақпы	ас ішуге арналып ағаштан жасалған екі таяқша.	11	Осы әлем-тапырық шайқастың арасынан Қуат екеумізге үстіне үш-төрт көк жапырақ салынған бір қадыра күріш әрең тиді, бір пар сақпымен екеуміз кезек татып көрдік те, жалаңдап жүрген біреуіне ұстата салып шыға бердік, тұзсыз су мен бөйсайдың жылымшы дәмінен басқа, тамақ дәмі білінбеді (Шабданұлы, 2009).
Дас	леген	1	Әйтеуір, банжаңымыздың дауысы зор екен, айқай салғаны алыстан естіліп еді. Кимелей соғып бір дас күріш көтеріп шықты (Шабданұлы, 2009).
Бишік	қайыстан өріліп жасалатын, мал қайыруға арналған сапты құрал.	8	Бар бұйымтайымыз шанаға шығысымен Биғайша екеуміз ортаға алдық та, Биғазы бишік үйірді (Шабданұлы, 2009).
Әпкіш	иінағаш	3	Әпкіш пен екі шелекті иығымнан түсірмей сенделтіп қойған рақымсыз «кішкене жексембі» күнінің түске жақындаған шағында Гүлбикемнің тағы да келе жатқаны көрінді. Бұл жолы ерекше сұр бешпет, сым мен сары шапка киіп шығыпты (Шабданұлы, 2009).
Шамғұр	көкөніс	3	– қатарындағы бір тақтаға отыра қалып, мен де біреуін жұлып алдым. Бұл да қып-қызыл екен. Соның көзінше сүртіп аузыма салып көрсем ап-ащы, теке саситын бір дәм білінді. Түкіріп тастадым. – Үй, ол шамғұр емес пе, мына тақтадан алып же! – деді Тіндәй (Шабданұлы, 2009).
Борми	жүгері	25	Бигелдінің жылдық жалақысы – қожа егінмен бірге екі ағаш борми (жүгері) егіп алу екен (Шабданұлы, 2009).
Кілет	қойма, қамба	40	Сырттан біреу келе қалса, ол есік ашылғанша қожекең ауыз үйдің түп жағындағы қараңғы кілетіне кіріп жоғалады екен де, бәйбішесі құлыптап тастайды екен (Шабданұлы, 2009).
Бүрсікүні	арғыкүні	11	Бүгін бітеді. Сендерді таптық. Өзара келісіміміз бойынша бүрсікүні жүрмекпіз (Шабданұлы, 2009).
Зығыр	сұйық май	5	Бидай мен зығыр арбадан домалай түсісімен қожайын да домалай түсіп, жер үйіміздің табалдырығына отыра қалды. Әкем оның неге олай отыра қалғанан білген екен (Шабданұлы, 2009).
Сақшы	полиция	559	Ол дереу бұрылып, оқушылардың арасынан шыға бергенде, алдынан сұр киімді бір сақшы тоса қалды. Не деп тосқаны да, Дәмештің не деп жауап қайырғаны да маған естілмеді. Сақшы «жүр» дегендей ишарамен оны ертіп әкете берді (Шабданұлы, 2009).

Романдағы диалект сөздердің қолданылуы тілдің жергілікті ерекшеліктерін, тұрмыс-тіршілігін, халықтық дәстүрлерін және белгілі бір аймақтың тілдік мәдениетін көрсетеді. Зерттеу барысында анықталған диалект сөздер, әсіресе, күнделікті өмір мен шаруашылық тұрмысын сипаттайтын лексемалардан тұрады. Мәселен: *штан (ішкіім), сақпы (ас ішуге арналып ағаштан жасалған екі таяқша)*) сияқты сөздер. Бұл сөздер белгілі бір аймақтың мәдени және тілдік дәстүріне тән екенін көрсетеді.

Диалект сөздерінің жиі кездесуі, романда автордың өз тілінің дәстүрін сақтай отырып, кейіпкерлердің әлеуметтік және мәдени жағдайларын нақты көрсетуді мақсат

еткенін білдіреді (Қалиев & Сарыбаев, 1979). Мәселен: *шыны* (күйдірілген саздан жасалған шұңғыл ыдыс, кесе), *сым* (шалбар), *борми* (жүтері) сияқты сөздер ауыл шаруашылығы мен тұрмыстық өмірдің негізгі элементтері болып табылады. Сонымен қатар, *сақшы* (*полиция*) сияқты сөздің жиі қолданылуы романдағы әлеуметтік шиеленісті, қоғамдағы тәртіпсіздікті немесе заңмен қудаланған тұлғалардың өмірін сипаттауда қолданылған. Осылайша автордың кейіпкерлердің ішкі әлемі мен қоғаммен қарым-қатынастарын тереңірек көрсетуді мақсат еткені байқалады.

Жалпы алғанда, диалект сөздер романдағы жергілікті колоритті, әлеуметтік топтардың айқын ерекшеліктерін сипаттайды (Аманжолов, 1959). Бұндай сөздер өз кезегінде шығармада қолданылған тілдік құралдардың көркемдік және тарихи маңызын арттырады (Исмагилов & Мұсабаев, 2015).

Зерттеу жұмысы «Қылмыс» романындағы көнерген сөздерді талдауға бағытталған. Жұмыстың негізгі мақсаты – романның тілдік ерекшеліктерін ашып, көнерген сөздердің қолданылуын, олардың қазіргі әдеби тілмен салыстырылуын зерттеу болды. Зерттеу барысында 8 кесте құрылып, әрбір лексикалық бірліктің жиілігі мен мағынасы нақты анықталды.

Зерттеу нәтижесінде романда қолданылған көнерген сөздер мен диалект сөздер шығарманың тілдік құрылымына ерекше әсер ететіні белгілі болды. Осы сөздердің қолданылуы арқылы автор қоғамның тарихи, әлеуметтік, діни жағдайын бейнелейді, сонымен қатар тілдің эволюциялық даму процесін көрсетеді. «Қылмыс» романындағы көнерген сөздерге кестелер арқылы жүргізілген талдаулар:

- *Ескі кітаби лексика мен қазіргі әдеби норма арасындағы айырмашылықтар анықталды;*
- *Діни лексемалардың жиі қолданылуы шығарманың діни контекстін тереңдетіп, қоғамның рухани өмірін сипаттайды;*
- *Диалект сөздер кейіпкерлердің аймақтық ерекшеліктерін, әлеуметтік жағдайларын көрсетеді;*
- *Жазылым нұсқаларының айырмашылықтары тілдің өзгеру процесін нақты айқындайды.*

Қорытынды

Қорыта келгенде, зерттеу шығарманың тілдік құрылымын тереңірек түсінуге жол ашты. Романдағы көнерген сөздер мен диалект сөздер тек әдеби тілдің тарихи даму жолын ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының мәдени, әлеуметтік және діни жағдайларын да айқындайды. Бұл жұмыс қазақ тілінің даму тарихын зерттеуге маңызды үлес қосып, әдеби тілдің өзгеру динамикасын көрсетеді. Қажығұмар Шабданұлының алты томдық «Қылмыс» романындағы көнерген сөздерге жүргізілген құрылымдық және жиілік талдау зерттеу нысанының тілдік және тарихи құндылығын тереңірек тануға мүмкіндік берді. Романдағы діни, әкімшілік-басқару, тұрмыстық, этикалық сипаттағы араб-парсы негізді лексикалық бірліктердің қолданылуы, олардың мәтіндегі прагматикалық қызметі мен стилистикалық жүктемесі жазушының тілдік шеберлігін айқын көрсетеді. Көнерген сөздердің морфологиялық және синтаксистік құрылымдарының мәтіндегі қызметі жан-жақты сипатталып, олардың контекстуалдық мағынасы мен тарихи-мәдени рөлі дәйекті мысалдармен дәлелденді.

Жиілік талдау нәтижелері көрсеткендей, тарихи лексикалық бірліктер жазушы стилінде тек мазмұндық ғана емес, сонымен қатар экспрессивтік-эмоционалдық және эстетикалық құрал ретінде де қызмет атқарған. Бұл олардың көркем мәтіндегі маңызын

арттыра түседі. Сонымен қатар, көнерген сөздердің қазіргі әдеби тілмен сабақтастығы мен айырмашылықтары да ашылып, олардың баламалық қолданысы айқындалды.

Зерттеу нәтижелері қазақ тіл білімінде тарихи лексика мен көркем мәтін лингвистикасы тоғысында тың әдістемелік үлгі ұсынып, жазба дәстүр мен тілдік жадыны жаңғыртуға өз үлесін қосады. Көнерген сөздерді жүйелеу мен ғылыми айналымға түсіру арқылы қазақ тілінің даму динамикасын, тарихи лексикалық қордың көркем мәтіндегі қызметін нақты деректер негізінде тануға жол ашылады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Мақала BR20280984 «Қазақ тілінің жаңғыру әлеуеті: жаңартпалар <лат.innovation>, үрдістер мен үдерістер» іргелі ғылыми зерттеуі» атты нысаналы-бағдарламалық жоба аясында дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі. А. Мурсал зерттеу материалын жинақтап, мақаланың толық мазмұны мен негізгі бөлімдерін жазды. Сондай-ақ мақаланы рәсімдеп, соңғы нұсқасын дайындады. А.Әмірбекова мақала мазмұнының құрылымы мен тұтастығына байланысты пікірлер ұсынып, жалпы идеяны талқылауға атсалысты. Ә.Алмаутова зерттеу нәтижелерін талқылау және пікір білдіру жұмыстарына қатысып, жалпы ғылыми мазмұнды пысықтауға үлес қосты. Авторлар зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің нақтылығына бірдей жауапты. Жұмыс барысында өзара пікір алмасу мен талқылаулар арқылы мазмұнның дұрыстығы қамтамасыз етілді.

Әдебиеттер тізімі

Аманжолов, С. (1959). Қазақ тілінің диалектологиясы мен тарихы мәселелері. 1-бөлім. Алматы: Ғылым

Әбілқасымов, Б. (1971). Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы: Ғылым

Әбілқасымов, Б. (1982). XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы: Ғылым.

Әдебиет порталы. ((2025, ақпан 10). <https://adebiportal.kz/kz/retailing/view/363>

Жұмаділов, Қ. (1996). Дәуір және әдебиет. Алматы: Тамыр.

Жұбанов, Қ. (1966). Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым.

Исаев, С. (2007). Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Өнер.

Исмагилов, С.М., Мұсабаев, Ғ.А., (2015). XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі архаизмдер. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. (3), 45–53 бб.

Логинова, М., & Жаркынбекова, Ш. (2019). Гуманитарлық білім парадигмасындағы «нарратив» түсінігі. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы*, 128(3), 115–128. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-128-3-115-128>

Қалиев, Ғ., & Болғанбаев, Ә. (2006). Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Сөздік-Словар.

Қалиев, Б., & Жаңабаев, Ж. (2007). Қазақ лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Қазақ университеті, 37–38 бб.

Қалиев, Ғ., & Сарыбаев, Ш. (1979). Қазақ диалектологиясы. Алматы: Мектеп.

Сарыбаев, Ш. (2000). Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: Арыс.

Сыздықова, Р. (1993). Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Ана тілі.

Түймебаев, Ж., & Ескеева, М. (2013). Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі, Астана: ТОО «Prosper Print». ISBN 978-601-7340-38-4

Тұрышев, А. Қ. (2008). Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының этномәдени лексикасы. Павлодар: Кереку

Шабданұлы, Қ. (2009). Қылмыс (1-том). Алматы: Атажұрт.

Шабданұлы, Қ. (2009). Қылмыс (2-том). Алматы: Атажұрт.

Шабданұлы, Қ. (2009). Қылмыс (3-том). Алматы: Атажұрт.

Шабданұлы, Қ. (2009). Қылмыс (4-том). Алматы: Атажұрт.

Шабданұлы, Қ. (2009). Қылмыс (5-том). Алматы: Атажұрт.

Шабданұлы, Қ. (2009). Қылмыс (6-том). Алматы: Атажұрт.

Mursal, A., Tlegenova, G., Zhanabekova, A., & Cherepanova, A. (2025). Archaic Bookish Words in Abai Kunanbayuly's Works: A Linguostatistical Analysis. *Forum for Linguistic Studies*, 7(3), 195–208. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8506>

А. Мурсал^{*1}, А. Амирбекова², А. Алмаутова³

^{1,2}Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

³Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

Структурные и частотные особенности архаизмов в языке шеститомного романа Кажыгумара Шабданұлы «Қылмыс»

Аннотация. В статье всесторонне рассмотрены структурные и частотные особенности старой книжной лексики и архаизмов, представленных в шеститомном романе «Қылмыс» («Преступление») Кажыгумара Шабданұлы. Проанализированы лексические единицы, встречающиеся в романе, определены их историко-семантические характеристики, языковая природа и сферы употребления. Прежде всего обобщены теоретические основы понятия «старая книжная лексика», охарактеризовано её место и роль в тюркской письменной традиции. На этой основе выявлены религиозная, этическая, административно-управленческая и бытовая лексика, используемая писателем, и распределена по структурным группам. Сопоставлены данные единицы с их современными соответствиями в казахском литературном языке. Отдельно рассмотрена частотность арабо-персидской религиозной лексики, её контекстуальные функции и семантические оттенки. В рамках исследования составлены восемь таблиц, в которых отражены значения и частотность употребления, что позволило выявить особенности языкового мастерства автора. Полученные результаты способствуют более глубокому пониманию функционирования исторической лексики в тексте, частотных закономерностей и её художественной роли. Сделанные выводы уточняют содержательный объём старой книжной лексики, её семантические оттенки и особенности контекстуального употребления, что, в свою очередь, способствует систематизации и дополнению исторического словарного фонда. Итоги исследования открывают возможности для выявления мотивов языкового выбора автора, а также коммуникативных и эстетических функций исторических лексем в художественном дискурсе.

Ключевые слова: старокнижная лексика, лексический слой, устаревшее слово, историческая лексикология, художественный текст, лексема, частотность.

Structural and frequency characteristics of archaisms in the language of Kazhygumar Shabdanuly's six-volume novel «Kylmys»

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the structural and frequency features of old bookish vocabulary and archaisms in Qazhygumar Shabdanuly's six-volume novel *Qylmys* (The Crime). The lexical units found in the text are examined with regard to their historical-semantic features, linguistic nature, and functional roles. The study outlines the theoretical foundations of old bookish vocabulary and its place within the Turkic written tradition. On this basis, the author's religious, ethical, administrative, and everyday lexical layers are identified and grouped structurally. The obsolete units are compared with their modern equivalents in contemporary Kazakh. Special attention is devoted to the frequency of Arabic-Persian religious vocabulary, its contextual functions, and semantic nuances. Eight analytical tables were compiled to document the meanings and frequencies of these items, providing insight into the author's linguistic choices. The findings enhance understanding of how historical lexical elements function within the narrative, revealing their frequency patterns and stylistic value. The study refines the semantic scope and contextual features of old bookish vocabulary and contributes to the systematization of the historical lexical corpus. Overall, the results shed light on the author's motivations in selecting historical lexemes and demonstrate their communicative and aesthetic roles in literary discourse.

Keywords: old bookish vocabulary, lexical layer, obsolete word, historical lexicology, literary text, lexeme, frequency.

References

- Amanzholov, S. (1959). Kazak tilinin dialektologiasy men tarihy maseleleri (1-bolim) [Issues of Kazakh dialectology and linguistic history (Part 1)]. Almaty: Gylym. [in Kazakh]
- Abilkassymov, B. (1971). Algashky Kazak gazetterinin tili [The language of the first Kazakh newspapers]. Almaty: Gylym. [in Kazakh]
- Abilkassymov, B. (1982). XIX gasyrdyn ekinshi jartysyndagy kazak adebi tili [The Kazakh literary language of the second half of the 19th century]. Almaty: Gylym. [in Kazakh]
- Adebiet portaly. (n.d.). Makala [Article]. The portal of Adebiet. <https://adebiportal.kz/kz/retailing/view/363> [in Kazakh]
- Zhumadilov, Q. (1996). Daur jane adebiet [Era and literature]. Almaty: Tamyr. [in Kazakh]
- Zhubanov, K. (1966). Kazak tili jonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. Almaty: Gylym. [in Kazakh]
- Isaev, S. (2007). Kazirgi kazak tili [Modern Kazakh language]. Almaty: Oner. [in Kazakh]
- Ismagilov, S. M., & Musabayev, G. A. (2015). XIX gasyrdagy kazak adebietindegi arhaizmdar [Archaisms in the 19th-century Kazakh literature]. KazNU Herald. Philology Series, (3), 45–53. [in Kazakh]
- Loginova M., & Zharkynbekova III. (2019). The concept of «narrative» in the paradigm of humanitarian knowledge. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series*, 128(3), 115–128. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-128-3-115-128>
- Kaliev, G., & Bolganbayev, A. (2006). Kazirgi kazak tilining leksikologiasy men frazeologiasy [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language]. Almaty: Sózdik- Slovar. [in Kazakh]

-
- Kaliev, B., & Zhanabayev, Zh. (2007). Kazak leksikologiasy men frazeologiasy [Kazakh lexicology and phraseology]. Almaty: Kazak universiteti. [in Kazakh]
- Kaliev, G., & Sarybaev, Sh. (1979). Kazak dialektologiasy [Kazakh dialectology]. Almaty: Mektep. [in Kazakh]
- Sarybaev, Sh. (2000). Kazak til bilimining maseleleri [Issues of Kazakh linguistics]. Almaty: Arys. [in Kazakh]
- Syzdykova, R. (1993). Kazak adebi tilining tarihy [The history of the Kazakh literary language]. Almaty: Ana tili. [in Kazakh]
- Tuimebayev, Zh., & Eskeyeva, M. (2013). Kone turki jazba eskertkishti tilining morfologialyk juiesi [Morphological system of the Old Turkic written monuments]. Astana: Prosper Print. ISBN 978-601-7340-38-4. [in Kazakh]
- Turysshev, A. K. (2008). Mashur-Jusip shygarmalarynyng etnomadeni leksikasy [Ethnocultural vocabulary of Mashhur-Zhusip's works]. Pavlodar: Kereku. [in Kazakh]
- Shabdanuly, K. (2009). Kylmys (Vol. 1) [Crime, Vol. 1]. Almaty: Atazhurt. [in Kazakh]
- Shabdanuly, K. (2009). Kylmys (Vol. 2) [Crime, Vol. 2]. Almaty: Atazhurt. [in Kazakh]
- Shabdanuly, K. (2009). Kylmys (Vol. 3) [Crime, Vol. 3]. Almaty: Atazhurt. [in Kazakh]
- Shabdanuly, K. (2009). Kylmys (Vol. 4) [Crime, Vol. 4]. Almaty: Atazhurt. [in Kazakh]
- Shabdanuly, K. (2009). Kylmys (Vol. 5) [Crime, Vol. 5]. Almaty: Atazhurt. [in Kazakh]
- Shabdanuly, K. (2009). Kylmys (Vol. 6) [Crime, Vol. 6]. Almaty: Atazhurt. [in Kazakh]
- Mursal, A., Tlegenova, G., Zhanabekova, A., & Cherepanova, A. (2025). Archaic bookish words in Abai Kunanbayuly's works: A linguostatistical analysis. *Forum for Linguistic Studies*, 7(3), 195–208. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8506>

Авторлар туралы мәлімет:

Мурсал А. – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан. E-mail: aigerimmursal@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8035-4236.

Әмірбекова А. – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан. E-mail: marghan01@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1092-5483.

Алмаутова Ә. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қаласы, Қазақстан. E-mail: almauasya@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4719-4685.

Мурсал А. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан. E-mail: aigerimmursal@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8035-4236.

Амирбекова А. – кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан. E-mail: marghan01@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1092-5483.

Алмаутова А. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. E-mail: almauasya@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4719-4685.

Mursal A. – corresponding author, PhD student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan. E-mail: aigerimmursal@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8035-4236.

Amirbekova A. – Candidate of Philology, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan. E-mail: marghan01@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1092-5483.

Almautova A. – Candidate of Philology, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: almauasya@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4719-4685.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).